

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 88 – 91

**Darkhan Kydyrali**

President of International Turkic Academy, Prof. Dr. Astana, Kazakhstan  
[hidirali@yahoo.com](mailto:hidirali@yahoo.com)

**ERGENEKON**

**Abstract.** The myths and legends about the origins and initial Motherland of ancient Turks are found from different written sources. One of such legends which reached us from ancient time is that about Ergenekon. The story has been studied well by the scholars, but the answer of the question about Ergenekon's geographic location is under discussion till nowadays.

The author presents his own view over the location of Ergenekon which was considered a holy place for Turks, based on the studies of ancient Chinese, Arabic, Persian and Turkic sources, as well as on the previous scholarly studies of the issue. Besides, the Turkic-Mongolian linguistic etymology of the word "Ergenekon" is being discussed in the article, too.

**Key words:** Altay, Ergenekon, legend, Turk, Oghuz.

ӘОЖ 398.2 (=512.1)

**Дархан Қыдырәлі**

Халықаралық Түркі Академиясының президенті тарих ғылымдарының докторы  
Астана, Қазақстан

**ЕРГЕНЕКОН**

**Аннотация.** Байырғы түркілердің пайда болуы мен олардың алғашқы мекені туралы аныз-әпсаналар түрлі жазба деректерде сакталған. Бағызы заманнан бүгінге үзілмей жеткен аныздың бірі – Ергенекон дастаны. Атамыш дастан осы кезеңде деңін ғалымдар тарағынан біршама зерттелген, алайда анызағы Ергенекон қай жерде болған деңен сұрақтың жауабы елі күнінде деңін даулы болып келеді.

Автор түркілер үшін қасиетті мекен саналған Ергенеконның географиялық орнын анықтау мақсатында ежелгі қытай, араб-парсы, түркі жазба деректері мен атамыш тақырыпка қатысты зерттеулер бойынша өз түжірымын ұсынады. Сонымен қатар, макалада «Ергенекон» сөзінің түркі-монгол тілдік этиологиясы қарастырылады.

**Түйін сөздер:** Алтай, Ергенекон, ашина, түркі, оғыз.

Өткеннің өнегесі – бүгінгінің баға жетпес байлығы. Тарих – адамзаттың шындыққа айналған тағдыры. Жеткенін бағамдап, барын бағалаған қашанды жүрісінен жаңылмайды. Тарихтан тағылым түйгендер өз тағдырын айқындаі алады. Бұл ретте Бродель айтқандай, тарих тұлғаларды тудырады, сол сияқты тарихты да тұлғалар жасайды.

Алаш аңсарын асқақтатқан баһадүр бабаларымыз текті тұлғалардың төңірегіне топтасып, іргелі мемлекеттер құрған. Тәніріден жаралып, Көктен құт алған, дүниенің төрт бұрышын тіреғен құдіретті қағандар әлемді аузына қаратқан. Ұлысқа бағыт-бағдар берген, халыққа құтты коныс іздеғен. Олар әр кезеңде ««Өткін», «Жердійк», «Ергенекон», «Қызыл алма», «Жиделі байсын» деңен сияқты түрлі атаулармен аталса да, түпкі қазығы Бенгү ил – Мәнгі ел мұратымен ұштасып жатқан.

Бұны дәлелдейтіп хатқа түскен шежіре-деректің бірі – Ергенекон жайлы баян. Байырғы заманнан жеткен аныз-әпсанага жүғінсек. Оғыз ханның нәсілінен Ел ханның елі шапқыншылыққа түсіп, жұртты жаппай қырылып, одан тек Қиян мен Нұкүз ғана аман құтылған екен. Жабайы койлардың артынан жүріп отырған олар жаулары таба алмайтын биік асуладардан өтіп, жан-жағы қамал сияқты занғар таулармен қоршалған сұлы, нұлы ғажап алқап тауып, соңда тұрақтайды. «Ергенекон» деп атаған сол қоныста 400 жыл ғұмыр кешіп, өсіп-өнеді, көбейеді, мыңғырған мaldары болады. Аталарының жүріп өткен өткел жолдары да ұмытылады. Соңда

көсем Бөрте-шене: «Уа, қасиетті көк бөрнің ержүрек огландары, сөзіме құлак салындар, біздің атабаларымыз ежелден осы Ергенекон жерін мекен етіп келеді, бұл жер бізге құт болды, алайда, өзіміздің атабабамыз жатқан ата жұртты ұмытпайық, барып табғаштардан жеріміздің кайтарып алайық» деп халықта ұндеу тастайды. Темірші наурыз айында таудың темірмен құрсалған бөлігін ерітіп, бөрнің жол көрсетуімен таудан түседі. Сөйтіп олар жауын женіп, отанын азат етеді. Осылайша Ергенеконнан шыққан құнін жыл сайын наурызыда тойтай бастайды. Аныз осылай дейді.

Ғұндардың талқандалып, көктүріктердің тарих сахнасына шығуымен және Ашина әuletімен байланыстырылатын бұл аныз түркі галымы Зия Гөкалтың 1913 жылы жазған «Бөрте шино – құрттың аты, Ергенекон – жұрттың аты» деген әйгілі жырынан кейін қайта жаңғырды. Түркияда профессорлар Фуад Көпрулі, Зәки Уәлиди Тоган, Баҳаддин Өгел, Әдіржан Иылдырым сынды галымдар бұл туралы арнайы зерттеулер жариялады. Әрине, ол зерттеулер негізінен Рашид-ад-дин мен Әбілғазы Баһадүр ханың жазбаларына сүйенген еді. Рашид-ад-дин Хамаданидың «Жами-ат-Тауарих» және Әбілғазы Баһадүр ханың «Шежіре-и түрк» және осыған ұқсас XIII-XVII гасырлар арасында жазылған түрлі шыгармаларда аныз «Ергенекон дастаны» деп атала бастаған болатын [1; 2]. Илхан сарайында жазылғандықтан монгол ұлысының құрылу кезеңіндегі ресми тарихы іспетті қабылдауга болатын Рашид-ад-диннің іргелі енбегінде Шынығыс ханың 22-ші бабасы Бөрте-шененің Ергенеконнан шығатыны айтылған. Осы оқига туралы XV-XVI гасырларда жазылған «Шажаратул-атрак», «Тауарих-и гузиде-и нусратнама», «Абдулланама» сияқты кітаптарда баяндалды. Сондықтан көптеген зерттеушілер оны түркі-монгол халқының ортақ шыгармасы ретінде бағалайды. Бұл орайда түркі аңызындағы бөрі мен Бөрте-шино арасындағы ұқсастьыққа назар аударғымыз келеді. Сонымен қатар Ашина әuletі мен көктүріктеге ұран болған бөрі мен таутеке таңбасы Боржигин (Бөрітегін) әuletінің Бөрте-чино мен Маралдан тарағаны жайындағы анызға сәйкестігі де кездейсоктық емес деп ойлаймыз. Бұл жерде көніл аударатын бір жайт, Ергенеконды паналагандар – Ел ханың ұрпақтары. Ал Ел хан – Оғыз ханнан тарайды. Оғыз ханың түркі халықтарының қадым тарихындағы жартылай анызға айналған аргы атасы екені белгілі.

Жалпы, аргы аталары аскар Алтайдан тарап, есте жоқ ерте замандардан бері көршілес жасап, қанаттас қатар ғұмыр кешіп келе жатқан тайпалардың тарихы да қатар өрбитін анық. Бұған тек жақын жағрапиялық жағдай мен біртұтас көңістік, ұқсас ұғымдар мен тұрмыс-тіршілік қана емес, сонымен қатар тайпалардың шығу тектеріне байланысты түрлі аңыз-әпсаналар мен шежіре-деректер, табынатын табулар мен киелер, ортақ құндылықтар сияқты көптеген біркітіретін факторлар әсер етсе керек.

«Ергенекон» дастанындағы мотивтер Рашид-ад-диннен бұрын көтүріктерде де болған. Мәселен, VII-IX гасырдағы «Чжоу-шу», «Бей-ши», «Тан-шу» жылнамалары мен IX гасырдағы Тибет дереккөздерінде көтүрік кезеңіне байланысты осыған ұқсас аныз айтылады. Сондай-ақ Құлтегін, Білге қаған және Тонықек жазбаларында «таудағылар калаға түсті ... алдымен 70 кісі, жиылыш 700 кісі болыпты» деген жолдар да Ашина әuletінің таудан келгенін мензейді. Бирунидің шыгармаларында да таудагы үнгірден шыққан түрік әскерінің мемлекет құруы жайында баяндалады.

Аңызға арқау болған Ергенеконның орны мен этимологиясы жөнінде аз жазылған жоқ. Кейір зерттеушілер алғаш кездесстің дереккөздегі «таудың тік бөктері» деген мәніне сүйене отырып, бұл сөздің түп-тамырын монгол тіліне телиді.

Ергенекон сөзінің вариантының тек монгол тілінде емес, түркі тілінде де бар екені белгілі. Мысалы, қазак және өзбек тілдерінде ергенек/ергәнәк сөзі «қораның қақпасы, киіз үйдің есігі» деген мағынада қолданылады.

Бұл орайда Қойшыгара Салғараұлы «Ұлы қағанат» кітабында мынадай тың болжам жасайды: «Әбілғазы «Ергенеконды» – ергене – «таудың кемері», қон – «өткір» деген мағына береді деп түсіндіреді. Аңыздың дерегі бойынша «Ергенекон» – төрт жағын бірдей түгел тау жартастары коршаған жазыққа берілген атая. Менінше, осы «ергенек-қон» деген сөз. Атаудың айтылуында екі «к» дыбысы қосылуы салдарынан «ергенек-қон» болып кеткен сияқты. Ергенек – есіктің төрт бұрышты жақтауы. Сонда «Ергенек-қоннің» ұғымдық мәні төрт жағын түгел коршаған «Ергенек-қоныс» дегенді беріп-ақ тұрған тәрізді» [3].

Расында, аңызда жан-жағын тау шатқалдары коршаған бұл өлкенің сүйе ерекше тұнық, шөбі шүйгін екені айтылады. Аты “әргүнә-құн”, “құн”-ылды дара шатқал, әргүнә-тік деген мағына береді, яғни «тік ұғым шатқал» деген сөз болуы да ықтимал дейтіндер бар. Біздіңше, Ергенекон – “ергенек” және “қон” деген қос сөзден тұрады, ол да “жан-жағы тік шатқалдармен, биік таулармен қамал-кора сияқты коршалған қоныс” деген мағына береді.

Зерттеушілер арасында жұмбак жер – құтты қоныстың қайда болуы мүмкін екені туралы да аз айтылған жоқ. Ғұлдардың арасында Ергенеконды қазіргі Монголия жерінен іздейген зерттеушілер көшшілікті қурайды. Мысалы, И.Шмидт оны Куку-Нордағы (қазіргі Қытайдың Чынгхай аймағы) Гүн-ерги ауданымен бір санайды. Г.Миллер мен Н.Бичурин Ергенеконды Алтай тауларында іздеуді дұрыс деп есептеген. П.Кафаров Аргун өзенінде, Фишер Аргун өзені алқаптарының бірінде екендігін алға тартады [4]. Д.Банзаров Ергенеконды Қытайдағы әйгілі қорғанның маңына орналасқан 1шкі Монголстандағы тау жоталарында дейді

[4]. Монголиялық тарихшы Х.Пэрлээ оны Ұлы Хинган тауларындағы Хайлар өзенінің арнасында іздеғен [5]. Ресейлік түркітанушы ғалым Л.Р.Кызласов Ерғенеконды Аргун өзенінің алқабында екендіғін жазған [6], тағы бір орыс тарихшысы Е.И.Кычанов Ұлы Хинган таулары мен Аргун өзенімен байланыстырады [7]. Монгол ғалымы Л.Билегт Рашид-ад-диннің енбекіндегі Оноң, Керулен, Бурхан-Халдун, Далан-Балжуд т.с.с. топонимдермен бірғе Аргун атауы кездесетіндіктен, Ерғенеконды Монголияның солтүстік шекарасына жақын орналасқан Аргун жоталарынан іздеу қажеттігін айтады [8].

Бұл орайда Ерғенекон – Аргун деғен сөздер өзара ұқсас болғанымен «Ерғенекон» дастанын алғаш қағаз бетіне түсірғен Рашид-ад-диннің енбекінде аталған топонимнің басқаша жазылуы бұл пікірді тығырыққа тірдейді. Екіншіден, Аргун тауының монголдар тарапынан киелі деп саналуы туралы мәлімет те жоқтың касы. Керісінше Алтай тауларын түркілердің де, көшпелі өзге де ру-тайпалар тарапынан қасиетті саналатындығы көптеген жазбаша деректерде тайға танба басқандай анық кездеседі. Мысалы, көктүріктердің Алтай тауларындағы «бабаларының үнғірлері» тұрған жерде жыл сайын діни ресімдер өткізғендігі жазылған.

Көптеген зерттеушілер құтты коныс ретінде Ашина руы пайда болған Алтай тауларының онтүстік-батыс жағындағы аймақты көрсетуге тырысқан. Ал Алтай тауларының бұл беті негізінен жоталардан тұрады, басқа беткейлеріне қараганда оның кішірек және топырағының да құнарлы еместігі белгілі. Алтай тауларының бұл жағында табиғи және жағрапиялық құрылымына қарай дастанда суреттелғендегі тік жартастары бар алқап кездеспейді. Сондықтан Қытай жылнамасындағы көктүріктердің бабалары жасырынған биік тау да, Рашид-ад-дин мен Әбліғазы Баһадұр хан айтатын Ерғенекон да Алтай тауларының онтүстік-батыс бөктерімен сойкеспейді. Негізі Ашина руының жаратылыс әпсанасы жазылған қытай жылнамасының бірінде бұл таудың Гаочанның (Турфан) солтүстігінде екендігі айтылғанымен, осы жылнамадағы екінші аңыз бұл жерді Алтай тауларының басқа тарапынан іздеу қажеттігін алға тартады. Ол аңыздағы дұшпан шабуылынан аман қалған кісінің балалары мемлекет құрған жерлер Турфаннан шалғай жерлермен – Абакан, Енисей, Батыс Саян тауларымен сойкеседі. Әпсанада төртінші ұлдың мекені анық атальмаса да, аңыздағы жолдардан бұл жердің Алтай тауларының солтүстік жағы екені аңғарылады. Аталған аңызда ағайындылар тұрған жерлердің өте сүйк екендігі, ағалары от жағуды үйренгенде, басқаларының оны басшы етіп сайлағаны айтылады.

Халықаралық Түркі академиясы 2014-2015 жылдары арнайы жоба аясында Ерғенеконды іздеу жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде Алтайдың Берел аймағынан жоғарыда З мың метр биіктігіндегі Қарақаба жазығынан II-VII ғасырлардағы коныс аймағын тапты. Алтай тауларының солтүстік-батысындағы, Шығыс Қазақстанның Катон-Қарағай ауданында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижеде Академия Түркия, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Татарстан, Өзбекстан және Монголия елдерінің білікті ғалымдарын шақырып, аймакқа арнайы ғылыми экспедиция ұйымдастыруды. Оның нәтижесінде түркі тарихын зерттеуші ғалымдар осы аймақтың Ерғенекон болуы мүмкін деғен байламға токтады. Расында бұл жер, біріншіден, Ерғенекон жырында суреттелғендегі төрт тарапы тік жартастармен қоршалған, тұмса табиғаты ғажап, орманды, сулы жасыл аймақ екен. Екіншіден, таулардың төбесінде оймақтай ғана бұл жазықта металлдың мол қоры бар екені белгілі. Үшіншіден, археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде мұндағы ғұндардың соны мен көктүріктердің басы болып саналатын дөүріде түргындардың ұзак уақыт өмір сүргені анықталды.

Қалай деғенде, адамзат баласының жер бетіне түскен сәттен бастап жоғалтқан жұмағын іздей бастағаны анық. Сондықтан, «Жердің» ұғымы көптеген шежіре-аңыздарда, көне кітаптарда, бағзы дәстүрін сақтаған ұлттар мен ұлыстарда кездеседі. Ал түбі бір түркі халықтары ғана емес, жалпы жылқының жалында есейген жауынгер көшпелі жүрттардың баршасы Алтайды қасиет тұтып, қадірлейтіні тағы ақиқат. Содан болса керек, Алаштың ақыны Мағжан асқақ Алтайды асау тайдай түрікті тапқан алтын анаға, ата мирас – алтын таққа тенейді. Алыста ауыр азап шеккен бауырын ақ сүтін еміп, пана тапқан Алтайға қайта оралуға шақырады.

Бұл тұста тағы бір ескерерлік жайт, бұғынде бірнеше мемлекеттің еншісінде жатқан аскар Алтайдың төрт тарапын – Қазақстан, Ресей, Монголия және Қытай аумағын қазактардың мекендейтіні. Бұл да, Мағжан ақын айтқандай, көп түрік енші алып тарқасқанда, қарашаңырақтың қазакта қалғанын айғақтай түседі. Ендеше, есте жоқ ықылым заманнан бері алтын қазық Алтайды – Ерғенеконды айнала қоныстанып, қасиетті жерін қастерлеп отырған қазақ жүрттынан Мәңгілік ел мұратының қайта жаңғыруы заңдылық сияқты.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Том I. Книга первая. Перевод с персидского Л. А. Хетагурова. – М. -Л., 1952. – С. 152;
- [2] Әбліғазы Б. Түрк шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. -208 б.
- [3] Салғарағұлы Қ. Ұлы қаганат. – Астана: Фолиант, 2008. -552 б.
- [4] Банзаров Д. Собрание сочинений / Отв. ред. Д. Б. Ульымжиеv; Предисл. В. Ц. Найдакова; РАН. Сиб. отд.-ние. Бурят. ин-т обществ. наук. — 2-е изд., доп. – Улан-Удэ: Изд-во БНЦ СО РАН, 1997. — 240 с.
- [5] Пэрлээ Х. Гурван мөрний Монголчуудын аман түүхийн мөрийг мөшгөсөн , -Улаанбаатар, 1969- 156

[6] Кызласов Л. Р. Ранние монголы (к проблеме истоков средневековой культуры) / Л. Р. Кызласов // Сибирь, Центральная и Восточная Азия в средние века. – Новосибирск, 1975. – С. 170-177. 175 87.

[7] Кычанов Е. И. Монголы в VI–первой половине XII в. / Е. И. Кычанов // Дальний Восток и соседние территории в средние века. – Новосибирск, 1980. – С. 136-148.

[8] Билэгт Л. Раннемонгольские племена (этногенетические изыскания на основе устной истории) Улан-Батор, 2007. – 222 с.

#### REFERENCES

[1] Rashid-ad-din. Sbornik letopisej. Tom i. Kniga pervaya. Perevod s persidskogo L. A. Xetagurova. M. -L., 1952. S. 152;

[2] Abilgazy B. Turk shezhiresi. Almaty: Ana tili, 1991. 208 b.

[3] Salgarayuly Q. Ulu qaganat. astana: foliant, 2008. 552 b.

[4] Banzarov D. Sobranie sochinenej / Otv. red. d. b. Ulymzhiev; Predisl. v. c. Najdakova; RAN. Sib. otd-nie. buryat. in-t obshhestv. nauk. - 2-e izd., dop. – Ulan-Ude: IZD-VO BNC SO RAN, 1997. 240 s.

[5] Perlee X. Gurvan morij Mongolchuudyn aman түүхийн moriig mөshgөsen. -Ulaanbaatar, 1969. 156

[6] Kyzlasov L.R. Rannie mongoly (k probleme istokov srednevekovoy kultury) / L. R. Kyzlasov // Sibir, centralnaya i vostochnaya aziya v srednie veka. – novosibirsk, 1975. s. 170-177. 175 87.

[7] Kychanov E. I. Mongoly v vi–pervoj polovine xii v. / E.I. Kychanov // dalnij vostok i sosednie territorii v srednie veka. – Novosibirsk, 1980. s. 136-148.

[8] Bilegt L. Rannemongolskie plemena (etnogeneticheskie izyskaniya na osnove ustnoj istorii) Ulan-Bator, 2007. 222 s.

#### Дархан Кыдыралы

Президент Международной Тюркской академии,  
доктор исторических наук Астана, Казахстан

#### ЭРГЕНЕКОН

**Аннотация.** Миры и легенды о происхождении и изначальной прародине древних тюрков сохранены в различных письменных источниках. Одной из них является легенда об Эргенеконе. Описанные в ней события хорошо исследованы учеными, однако ответ на вопрос о географическом местонахождении Эргенекона по сей день остается предметом дискуссий.

Автор предлагает свои собственные выводы касательно местонахождения Эргенекона, опираясь на исследование древних источников – китайских, арабо-персидских и тюркских, - а также на научные изыскания предшественников по данному вопросу. Кроме того, в статье рассматривается тюрко-монгольская лингвистическая этимология самого слова «Эргенекон».

**Ключевые слова:** Алтай, Эргенекон, легенда, тюрки, огузы.